



**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы  
қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 тамыз N 1231. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.05.05. N 668 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377\_ Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы

қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ішкіісминінің жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаментімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметіне бір ай мерзімде бұрын жарық көрген Үкімет шешімдерін осы қаулымен сәйкестікке келтіру туралы ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 7 тамыздағы  
N 1231 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (ҚАЖД) туралы  
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі - Департамент) Департамент қызметінің мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының атқарылуын қамтамасыз ететін қылмыстық-атқару жүйесін (ҚАЖ) мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Департаменттің штат кестесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

3. Департаменттің құрылымына, бас бостандығынан айыру және түзеу жұмыстары, қылмыс жасады деп айыпталып, күдіктелінгендерді және өздеріне қатысты заңды күшіне енбеген айыптау үкімі шығарылған сотталғандардың қамауда ұстау түріндегі қылмыстық жазалардың атқарылуын ұйымдастыруды жүзеге асырушы бөлімшелер, сондай-ақ темір жол көлігімен әскери және арнайы тасымалдауларды қамтамасыз ететін бөлімшелер кіреді.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі түзеу мекемелері мен тергеу оқшауларын Департаментке тікелей бағынысқа беруі мүмкін.

5. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

6. Департамент заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мөрі, дербес балансы, банк мекемелерінде есеп айырысу, валюта және өзге де шоттары бар, өзінің алдына қойылған міндеттерге (мақсаттарға) қайшы келмейтін және заңмен тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыруға құқылы.

7. Департамент өз құзыретінің шегінде мемлекеттің меншігіндегі ҚАЖ мүлкіне иелік етеді, пайдаланады және басқарады, оны сақтау мен ұтымды пайдалану жөнінде барлық қажет шараларды қолданады.

8. Департамент, ҚАЖ-дың басқа бөлімшелерін қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады. Департамент заңда және осы Ережеде көзделген басқа да қаржыландыру көздерін қосымша пайдалануға құқылы.

## II. Департаменттің негізгі міндеттері

9. Департаменттің өз қызметінің аясындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

еңбекпен түзеу мекемелерінің өз құзыреті шегінде қылмыстық жазаларды атқаруы бойынша жұмысын ұйымдастыру;

өздеріне қатысты айыптау үкімі шығарылған, бірақ ол заңды күшіне енбеген қылмыс жасады деп күдіктелінген, айыпталған, сотталғандарды күзетте ұстауды ұйымдастыру;

жазаларды атқарушы мекемелерде және тергеу оқшаулауларында құқық тәртібі мен заңдылықты, осы мекемелердің аумағындағы қызметкерлердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың, сондай-ақ оларда ұсталатын сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

жазаны өтеудің тиісті жағдайларын, сотталғандардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;

сотталғандардың ұстау жағдайларын халықаралық стандарттардың талаптарына жақындату жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау;

сотталғандарға жалпы білім беру мен кәсіптік оқытуды ұйымдастыру;

жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға қылмыстарды табу, алдын алу, жолын кесу және ашуда жәрдемдесу;

өзінің құзыретінің шегінде ҚАЖ-дың тыныс-тіршілігін ұйымдастыру, оның шығыстарын белгіленген тәртіппен бөлінген қаржы мен лимиттердің, сондай-ақ басқа да заңды көздерден алынған қаражаттың шегінде қаржыландыру, ҚАЖ-дың материалдық-техникалық базасы мен әлеуметтік саласын дамыту мен нығайту;

ҚАЖ бөлімшелері лауазымды адамдардың іріктеу мен орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, ҚАЖ қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қамтамасыз ету, олардың кәсіби даярлығын ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Республикалық Ұланның, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, сондай-ақ басқа мемлекеттердің тиісті құрылымдарының Қазақстан Республикасының аумағында темір жол көлігі мен әскери, арнаулы және өзге де тасымалдауларын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, олардың орындалуын есепке алу және бақылау.

### III. Департаменттің функциялары

10. Департамент жүктелген міндеттерге сәйкес:

ҚАЖ-дың басқару органдарына және ҚАЖ-дың басқа да бөлімшелеріне басшылықты жүзеге асырады, олардың қызметі үшін жағдай жасайды;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (Ішкіісмині) басшылығына жазаларды атқарушы ұйымдарды құру және тарату туралы, ҚАЖ-дың қызметін

қамтамасыз ету үшін арнайы құрылған кәсіпорындарды (емдеу, оқу, жобалау және т.б.) ҚАЖ-ға қосу туралы ұсыныс әзірлейді;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну үшін ҚАЖ-ды дамыту мен нығайту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

ҚАЖ-дың аумақтық басқару органдарына ҚАЖ-ды дамыту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды әзірлеуде әдістемелік көмек көрсетеді; табиғат пен қоршаған ортаны сақтау, ҚАЖ бөлімшелерінде табиғат қорғау заңдарын орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

жазаларды атқарудың шарттарын айқындайтын қылмыстық-атқару заңдарының жалпы негіздері мен принциптерін, жалпы республикалық нормалар мен ережелерді әзірлеу жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қылмыстық жазаларды атқару күдіктелінгендер мен айыпталғандарды күзетте ұстау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің тиісті ведомствоаралық және ведомстволық нормативтік құқықтық актілерін дайындауды жүзеге асырады; аймақтық ерекшеліктерді, сондай-ақ сотталғандармен және қамалғандармен жұмыс істеудің халықаралық стандарттарды ескере отырып бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларды атқаруды ұйымдастырудың бірыңғай әдістерін жасайды;

ҚАЖ-дың аумақтық басқару органдарын, жазаларды атқарушы мекемелерді, тергеу оқшауларын және ҚАЖ-дың қызметін қамтамасыз ету үшін арнайы құрылған және ҚАЖ-ға кіретін ұйымдарды инспекциялауды жүзеге асырады, жазаларды атқарушы мекемелердің үлестің қатысуымен құрылған ұйымдардың және ҚАЖ-дың аумақтық басқару органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

төтенше жағдайлар кезінде қызметтік және жауынгерлік міндеттерді орындау барысында жедел іс-қимыл жоспарларын әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады, ҚАЖ-дың қажетті күштері мен құралдарын тартуды және олардың басқа құқық қорғау органдарымен және тәртіптік құрылымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

ҚАЖ-дың бөлімшелерінің қызметіне жұмыстың алдыңғы қатары нысандары мен әдістерін табу, қорытындылау және енгізу жөнінде шаралар қолданылады;

Департаменттің кадрларын іріктеу, орналастыру, оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Департаменттің

номенклатурасына кіретін лауазымдарға қызмет бойынша жылжыту үшін ҚАЖ қызметкерлерінің резервін қалыптастырады;

бос орындарға ие болатын үміткерлерді іріктеуді, сондай-ақ ҚАЖ қызметкерлерін, оның ішінде арнайы оқу орталықтарында даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін көтеруді ұйымдастырады;

жас мамандарды ұтымды пайдалануды және оларды орнықтыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

ҚАЖ-бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен сондай-ақ қоғамдық және діни ұйымдармен (бірлестіктермен) бұқаралық ақпарат құралдарымен ҚАЖ қызметінің мәселелері жөнінде і с - қ и м ы л д ы ү й л е с т і р е д і ;

сотталғандардың, сондай-ақ азаматтардың мекемелер мен тергеу оқшауларындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтары бұзылуы туралы шағымдары мен өтініштерін қарайды;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің бөлімшелерімен және Қорғаныс министрлігінің тиісті қызметтерімен бірлесіп жұмылдыру жұмысын өрістетуді, эвакуациялық және жаппай шаралар бойынша әскери тасымалдауларды жоспарлайды және жүзеге асырады;

өз құзыретінің шегінде талап қоюшы және жауап беруші болады.

11. Департамент жазаларды, сотталғандарды күзетудің, ұстау режимін атқаруды ұйымдастыруды, жедел іздестіру қызметін, тәрбие жұмысын жүзеге а с ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасының заңдарына, соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдамаларына сәйкес сотталғандарды жазаларды атқарушы мекемелер мен тергеу оқшаулауларында ұтымды орналастыруды ұйымдастырады, сотталғандардың құқықтарының, оларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету және медициналық қызмет көрсету нормаларының сақталуына шаралар қ о л д а н ы л а д ы ;

соттардың сотталғандарға қатысты үкімдерінің, қаулылары мен ұйғарымдамаларының атқарылуын жүзеге асырады, мекемелер мен тергеу оқшаулауларында режимдік талаптарын атқаруын ұйымдастырады, сотталғандарды оқшаулауды жетілдіру, оларды қадағалауды жетілдіру жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н а д ы ;

сотталғандарды және қамауға алынғандарды жазаны атқарушы бір мекемеден немесе тергеу оқшаулауынан басқасына көшіруді белгіленген тәртіппен жүзеге а с ы р а д ы ;

ішкі әскер бөлімшелерімен бірлесіп арнаулы құрамды тасымалдауды жоспарлайды, арнаулы вагондар қозғалысының жиынтық кестесін әзірлейді және бекітеді, әскери арнаулы және өзге де тасымалдарға жедел басқаруды жүзеге

а с ы р а д ы ;

бөлімшелерді күзетуді (Қазақстан Республикасының Ішкіісминінің бұйрықтарында көрсетілген), сотталғандармен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырады, объектілерді күзету және осы мақсатқа инженерлік-техникалық құралдарды сатып алу үшін қажетті қаржы бөлуді қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

кезекші бөлімдер жүйесі арқылы ҚАЖ-дағы оперативтік жағдайға тұрақты ба қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

оперативтік жағдайды шиеленістірген төтенше оқиғалар жағдайларында қызметтік тексерістер жүргізеді, олардың себептерін анықтайды және талдайды, мұндай жағдайларды болдырмау жөнінде шаралар әзірлейді;

жазаларды атқарушы мекемелерде және тергеу оқшаулауларында жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастырады, оны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды, қылмыстарды табу, алдын алу, жолын кесу және ашуда қалалық-аудандық ішкі істердің жедел, тергеу және басқа да бөлімшелерімен өз а р а і с - қ и м ы л ж а с а й д ы ;

жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы басқа органдардың жедел бөлімшелеріне жәрдемдеседі;

ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, бас бостандығынан айыру орындарына ұйымдасқан қылмыстық көріністерін бейтараптандыру мен жолын кесуге, қылмыстық-атқару жүйесі мен ішкі әскерлердің жеке құрамына жедел қызмет көрсетуге байланысты мәселелерді шешеді;

сотталғандарды түзелуге, заңның талаптарын сақтауға және қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтауға мүдделілікті ынталандыратын жеке басының сапалары мен дағдыларын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, сотталғандарды негізгі жалпы және бастапқы кәсіби біліммен және кәсіптік даярлықпен, сондай-ақ кәмелетке толмаған сотталғандардың арасында тәрбие процесін қамтамасыз етуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

сотталғандарға психологиялық-педагогикалық ықпал ету әдістемелері мен бағдарламаларын пайдалануды, сондай-ақ олардың мінез-құлқын түзеу үшін көмек, оның ішінде қаржы, қоғамдық және діни ұйымдардың (бірлестіктердің) және сотталғандардың туған-туысқандарының көмегін ұйымдастырады;

рақымшылық және кешірім жасау актілерінің атқарылуын ұйымдастырады;

табиғи зілзалалар, сотталғандардың топтық бағынбаушылығы жағдайларында , сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер кезінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес түзеу мекемелеріне айрықша жағдайлар режимін енгізуді ұйымдастырады;

бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ жазаларды атқару, жазаның осы түрін өтеуден жалтарушы сотталғандарды табу бойынша іздестіру шараларын уақытылы жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүзеге асырады, түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан соттың үкімі бойынша ұсталған ақша қаражатының түсуін бақылайды;

шартты сотталған адамдардың және өздеріне қатысты бас бостандығынан айыру үкімін атқару кейінге қалдырылған сотталғандардың мінез-құлқына бақылау жасауды ұйымдастырады;

азаматтардың хаттарын, шағымдары мен өтініштерін, ішкі істер органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Бас прокуратураның, ұйымдар мен мекемелердің сотталғандарды көшіру, олардың жазаларын өтеу орындарын белгілеу мәселелері жөніндегі, сондай-ақ оларды жазасынан шартты мерзімінен бұрын босату және колония-қоныстарға көшіру мәселелері жөніндегі сұрау салулары мен өтініштерін қарайды;

сотталғандарды мамандандырылған еңбекпен түзеу колонияларына жібереді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Медицина басқармасымен бірлесіп арнаулы және медициналық бөлімдердің алкоголизм мен нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеуді қамтамасыз ету бөлігінде соттардың үкімдерін уақтылы атқаруды жүзеге асырады;

сотталғандарды босатуға даярлау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, еңбекпен түзеу мекемелерінің басқа құқық қорғау органдарымен, атқарушы өкімет пен басқару органдарымен және қоғамдық ұйымдармен сотталғандарды түзеу және қайта тәрбиелеу нәтижелерін орнықтыру, оларды еңбек және тұрмысты жайластыру бойынша өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

12. Департамент өндірістік-шаруашылық қызметін жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге нормативтік құқықтық актілермен белгіленген шектерде жылжитын және жылжымайтын мүлікті иеленеді, пайдаланады және басқарады;

ұйымдар мен кәсіпорындардан және азаматтардан қолданылып жүрген заңдарға сәйкес материалдық-техникалық ресурстарды, қаржы қаражатын мүлікті иеленуге, пайдалануға және басқаруға қабылдайды;

сотталғандардың еңбекпен қамтылуының тиімділігін арттыру үшін ҚАЖ ұйымдарына, мекемелеріне түрлі меншік нысанындағы ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға және шарттар жасасуға жәрдем көрсетеді, өндірістік-шаруашылық қызмет мәселелері бойынша келіссөздер жүргізеді, ақпарат алмасуды ұйымдастырады;

жазаларды атқарушы мекемелердің және ҚАЖ аумақтық басқару органдарының аралас меншік нысанындағы ұйымдардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдайды;

жазаларды атқарушы мекемелер мен ұйымдардың, тергеу оқшауларының тауар және өзге нарықтарды кешенді зерттеу, өндірісті материалдық-техникалық және еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету, өнімді өткізуді ұйымдастыру, жәрмеңкелер мен жарнама жұмыстарын жүргізу, көліктік және энергетикалық қызмет көрсету мәселелеріндегі қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді;

ҚАЖ бөлімшелерін ұстауға арналған шығыстар мен кірістер сметасының жобаларын әзірлейді, ҚАЖ бөлімшелерінің мемлекеттік күрделі салымдарға, автокөлікке, жабдыққа қажеттілігін айқындайды, белгіленген тәртіппен оларды сатып алуды және мемлекеттік органдарда келісуді қамтамасыз етеді;

бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың тұрақты материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жүйесін және мекемелерге азық-түлік, зат және интенданттық мүлікті орталықтандырып берудің есебінен күзетпен алдын ала қамауды, сондай-ақ сотталғандардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының өндірісін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

ҚАЖ-дың мекемелері мен олардың ұйымдарын, аумақтық басқару органдарын, тергеу оқшаулаулары мен ҚАЖ-дың қызметін қамтамасыз ету үшін арнайы құрылған басқа да ұйымдарды, ҚАЖ-дың күрделі құрылысын қаржыландыруды заңда белгіленген тәртіпте бөлінген қаржы мен лимиттердің, сондай-ақ Департаменттің кәсіпкерлік, сауда қызметін жүзеге асыруынан және басқа да заңды көздерден алынған қаражаттың шегінде жүзеге асырады;

ҚАЖ-дың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін қаржы, материалдық-техникалық ресурстардың ұтымды төленуін қамтамасыз етеді, олардың пайдаланылуына бақылау орнатады;

еңбекпен түзеу мекемелеріне қаржылай көмек көрсету, сондай-ақ Орталық қор туралы ережеде көзделген өзге мақсаттар үшін ұйымдардың өндірістік қызметінен түскен қаражатты тартудың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ұйымдар мен азаматтардың салымдарының және құрмалдықтарының есебінен орталықтандырылған қор қ ұ р а д ы ;

ҚАЖ қызметкерлері мен сотталғандарға белгіленген тәртіппен еңбегіне уақтылы ақы төлеуді, өтемақылар мен жеңілдіктер төлеуді, материалдық ынталандыруды ұйымдастырады. Олардың еңбегіне ақы төлеу нысандарын жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді;

ведомстволық бағыныстағы ауыл шаруашылығы ұйымдарының желісін кеңейтуге, ауыл шаруашылығы өнімін шығаруды ұлғайтуға жағдай тудырады;

мекемелер шығаратын бұйымдарды жаналау, ішкі істер және ішкі әскерлер органдары үшін арнаулы бұйымдарға басымдық бере отырып олардың техникалық деңгейі мен бәсекелестік қабілетін арттыру жөніндегі жұмысты



ж ү р г і з е д і ;

ҚАЖ-дың аумақтық басқару органдарымен бірлесіп ҚАЖ мүлкінің тиімді пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

Департаментті және оның ҚАЖ бөлімшелерін компьютерлендіру, компьютерлік технологияларды, есептеу техникасының жүйелері мен құралдарын ендіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

ҚАЖ-дың шетел фирмаларымен сауда экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарын ұйымдастырады, жүзеге асырады және үйлестіреді, өзінің сыртқы экономикалық қызметінен алынған валюта қ а р а ж а т ы н а б и л і к е т е д і ;

ұйымдар мен шетел фирмаларының ассоциацияларына кіреді, аукциондық көрмелерге, әртүрлі биржалық саудаластықтарға қатысады.

13. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасы бойынша қылмыстық жазалардың атқарылу, күдіктелінгендер мен айыпталғандарды Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарына күзетпен ұстау мәселелерін қарау кезінде ішкі істер министрлігінің мүдделерін б і л д і р е д і .

14. Қылмыстық атқару жүйесінің мәселелерін шешу бойынша өз қызметін жүзеге асыру кезінде Департамент Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Әділет министрлігінің, Қаржы министрлігінің және басқа мемлекеттік органдардың тиісті бөлімшелерімен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

15. ҚАЖ-дың қызметін жетілдіру мақсатында мемлекетаралық ұйымдармен және шетелдердің тиісті органдарымен және ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жұмысты жүргізеді.

16. Департаментті бастық басқарады, оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсынуы бойынша қызметке Үкімет тағайындайды және қызметтен босатады. Департамент бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Департамент бастығы Департаменттің жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады, Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жауаптылықта б о л а д ы .

ҚАЖ-дың аумақтық басқару органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады, өзінің орынбасарларының өкілеттігінің шегін айқындайды. Департаменттің бөлімшелері туралы ережелерді және облыстардың ішкі істер басқармалары тиісті басқармаларының (бөлімдерінің) үлгі ережелерін бекітеді; белгіленген тәртіппен өз құзыретінің шегінде ҚАЖ-дың жұмысын

ұйымдастыру мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің басшылығына жазаларды атқарушы мекемелер режимінің түрін өзгерту туралы ұсыныс енгізеді;

мемлекеттік органдарда, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде халықаралық және шетелдік ұйымдарда белгіленген тәртіппен Департаменттің мүдделерін білдіреді.

Департаментке жүктелген функциялардың орындалуына байланысты шарттар мен келісім-шарттар жасайды;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне департаменттің құрылымы мен штат санын өзгерту туралы ұсыныс енгізеді, белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлерін лауазымға тағайындауға, арнайы атақтар беруге, мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттауға ұсынады. Департаменттің қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұсыныс және оларды қызметтік аттестациялау материалын әзірлейді. Еңбек туралы заңдарға сәйкес еркін жалданымды қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және босатады;

қолда бар қаржы ресурстарына және ҚАЖ-дың алдында тұрған міндеттерге сүйене отырып ҚАЖ-дың бөлімшелеріне арналған кірістер мен шығыстар сметасын бекітеді;

республикалық бюджеттен Департаментті, ҚАЖ-дың бөлімшелерін ұстауға ҚАЖ-ға бөлінген, сондай-ақ басқа заңды көздерден алынған қаржы ресурстарына (оның ішінде валюталығына) билік етеді. Белгіленген тәртіппен Департаментте құрылған орталықтандырылған қордың бөлушісі болып табылады;

тікелей бағыныстағы ұйымдардың арасындағы пайданы қызмет түрлері бойынша бекітілген жоспарды тапсырмалар мен бюджетпен өзара қатынасты өзгертусіз өз айналым қаражатының шегінде бөлуді жүзеге асырады;

Департаментке, оған тікелей бағынатын ұйымдар мен мекемелерде, сондай-ақ Департаментке оперативті бағыныстағы басқармаларда және облыстардың Ішкі істер басқармаларының жанындағы ҚАЖ бөлімдерінде материалдық құндылықтарға, ақша қаражаты мен қатаң есептегі құжаттарға түгендеу мен тексеріс тағайындайды;

Департаменттің қызметкерлерін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының шегінде өзінің бөлімшелеріне практикалық көмек көрсету және олардың қызметіне тексеріс жүргізу, басқа да қызметтік мәселелерді шешу үшін іссапарға жібереді;

Департаменттің және оған бағыныстағы бөлімшелердің жеке құрамының арасында тәрбие жұмысын, жеке құрамның тәртіпті, заңдылық пен құпиялылық режимін сақтауды, қызметтік және жауынгерлік даярлығын ұйымдастырады;

белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін көтермелейді, оларға сыйлықақылар береді және тәртіптік жазалар қолданады;

азаматтарды қабылдайды, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешімдер қабылдайды, тәртіп пен заңдылықтың бұзылу фактілері бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

оның құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

18. Департаментті қайта ұйымдастыру мен тарату заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.